

Талантты тарихшы, ғұлама ғалым Әбу Сақтағанұлы Тәкенов 1930 жылы 20 ақпанда Ақтөбе облысының Темір қаласында дүниеге келді.

Ол С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін үздік дипломмен бітірген соң, Ақтөбе облысы, Қобда ауданына жолдамамен жұмысқа жіберілді. Осы ауданның орталығы Новоалексеевка селосында орта мектепке мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директор болып 5 жыл жемісті қызмет атқарды.

Әбу Сақтағанұлы педогогтық қызметпен қатар ғылыми жұмыстармен айналысып, Қобда ауданының тарихына байланысты көптеген материалдар жинап, осы тарихи деректер негізінде аудан оқытушыларының тамыз конференцияларында өте қызықты ғылыми баяндамалар жасады, аудандық газетке мақалалар жариялады.

Осы кезде аудан территориясында орналасқан «Абат Байтақ» кесенесі, Исатай, Қобыланды батыр жерленген жерлер туралы Республика жұртшылығының назарын аударған іс-шаралар ұйымдастырды. Сол кездің өзінде-ақ Әбу Сақтағанұлы Ақтөбе облысының тарихы мен тығыз байланысты Әліби Жангелдиннің Маңғыстау арқылы Шығыс майданға қару-жарақ әкелген экспедициясы туралы, азамат соғысының шешуші кезеңіне айналған Ақтөбе майданының ақ гвардияшылармен шайқасы туралы тың деректер жинады.

Қысқа мерзімнің ішінде Ә.С.Тәкенов Қобда ауданының еңбекшілерінің үлкен құрметіне бөлінді. Сондықтан аудан орталығының тұрғындары оны Новоалексей селолық Кеңесінің депутатына сайлады. Әбу Сақтағанұлының жемісті еңбегі үкімет тарапынан «Тың және тыңайған жерлерді игергені» үшін медалмен бағаланды.

Педагогикалық салада аз уақытта үлкен жетістіктерге жеткен Әбу Сақтағанұлына аудандық партия комитеті тарапынан лауазымды қызметтер ұсынылғанына қарамастан, өз бойындағы ғылыми қуатын сезінген Әбу аға әке-шешесі, өмірлік жары Сара және үш баласымен алда тұрған тұрмыстық қиыншылықтарды біле тұра, ғылым жолына түсу үшін Алматыға көшіп, ғылыми ізденушілік жұмыспен айналыса бастады.

Алматыда аспирантурада оқыған кезде Әбу Сақтағанұлына ғылыми жетекші болып, қазақтың тұңғыш профессионал (кәсіби) тарихшысы Ермұқан Бекмаханов бекітілді.

Ғұлама ғалым мен алғыр шәкірттің ғылыми одағы тез арада-ақ өзінің жемісін берді. Сөйтіп Әбу Сақтағанұлы 1964 жылы 16 наурызда «Борьба трудящихся против белогвардейцев на Актюбинском фронте в 1918 - 1919 годах» («Еңбекшілердің 1918 - 1919 жылдары Ақтөбе майданында ақ гвардияшылармен күресі») деген тақырыпқа

тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясын табысты қорғап шықты.

Бұл кезде Қазақстан тарихы бойынша ғылым кандидаттары өте аз болатын. Әбу Сақтағанұлы осы аз шоғырдың арасында Е.Бекмахановтың түлегі ретінде университетте ұстаздық қызметпен тұрақты айналыса бастады.

Осы кезден бастап Ә.С.Тәкеновтің ғылымдағы қиындық пен қызыққа толы өмір жолы басталды.

Ғалымның ғылыми ізденісінің нәтижесінде зерттеу объектілерінің ауқымы кеңейді. Қазақстан тарихында бұрын зерттелінбеген тың тақырыптар: қазақ халқының интернационалистік (бейбауырмалдық – М.Қозыбаев аудармасы) байланыстары, тарихи деректеме, регионалдық (аймақтық) тарих мәселелерінің көп қабатты күрделі проблемалары ғалымның терең ғылыми жұмыстарының өзегіне айналды.

Ерекше атап өтетін нәрсе, Ә.Тәкенов сол тұстағы көпшілік тарихшы ғалымдар сияқты тарих ғылымын саясаттандырып, конъюктуралық уақытша маңызды тақырыптарды қаулап, ұсақталуға бой ұрмады.

Әбу Сақтағанұлының осы қасиеті туралы академик Манаш Қозыбаев: «Біздің тарих деген

## ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ

ғылымымыз жатқан мұхит. Оған көптеген жылғалар, өзендер келіп құяды. Мұнсыз мұхит болмайды. Әбудің тарих ғылымының деректеме саласына көңілі түсті. Осы салада қыруар жұмыс істеді» деп атап көрсеткен болатын.

Әбу Сақтағанұлы қазақ халқына қиын кезде қол ұшын берген интернационалистер туралы көптеген материалдар жинап, олар туралы ғылыми жинақтар мен журналдарға көптеген мақалалар жариялады, кітаптар жазды. Ұлы Октябрь (1917) социалистік революциясынан кейін Қазақстанда тұрып қалған, елімізде социалистік құрылысқа белсене қатынасқан, бірінші дүние жүзілік соғыстың тұтқындарын анықтап және олардың ұрпақтарын тауып, қаза болған интернационалистердің зираттарын олардың туыстарына тауып беріп, үлкен азаматтық істерді жүзеге асырды.

Сол интернационалистердің бірі Шпрайцер Владимир Ивановичтің ұлы Владимир Владимирович Шпрайцер 1987 жылы Әбу Тәкенов ұйымдастырған «Әліби Жангелдиннің Қызыл керуен ізімен» деп аталатын тарихи ғылыми зерттеу экспеди-



циясының құрамында бізбен бірге болды. Ол өзін «Қаракесек Володямын» дейтін және Әбу ағаны оның кәсіби тарихшылығы мен жоғары интеллект иесі, азамат ретінде құрметтейтін. Оның Әбекеңе деген осы құрметі сөзі мен мінез-құлқынан үнемі сезіліп тұратын.

Әбу Сақтағанұлына интернационалистер Мате Залка, Маречек, Шпрайцер ұрпақтары бас иіп тағзым етеді.

Кеңес үкіметі Ұлы Октябрь революциясының тарихына ерекше көңіл бөлген балатын. Осыған байланысты «Иностранная военная интервенция и гражданская война в Средней Азии и Казахстане» деп аталатын құжаттар мен материалдар жинағы дайындалып, Ә.С.Тәкеновке «Ақтөбе майданы» деген тарауды дайындау тапсырылды. Ғалым осы тарауды Москва, Ленинград, Орынбор, Алматы қалаларындағы архивтер мен музейлерден жеке өзі жинаған деректер негізінде жазып, ғылыми ортаға жаңа қырымен танылды, тарихты сүйіп оқитын оқырмандар Ә.Тәкеновтің ғылыми қуатын, творчестволық жаңашыл ізденісін өте жоғары бағалады. Бұл 33 жасар ғалымның тамаша ғылыми табысы еді.

Ә.С.Тәкенов докторлық диссертациясын өте тыңғылықты даярлады. Кезекті ғылыми дәреже алғанға дейін диссертациялық жұмысының мазмұнын ашып, ғылыми жаңалықтарын көпшілікке таныстыру мақсатында Әбу Сақтағанұлы зерттеуші И.Д.Очагпен бірге 1974 жылы интернациональный отряд (к истории экспедиции А.Джангильдина)», «Интернационалистер Октябрі жеңістерін қорғауда» (Алматы 1977 ж.), К.Нуржаубаевпен бірге «Отряд А.Джангильдина в Мангышлаке» (Шевченко 1980) деген кітаптар жаз-

ды. Бұл кітаптар кезінде ғылыми жұртшылықтан өте жоғары баға алған болатын. Бұл ғылыми еңбектерде Ә.С.Тәкенов Қазақстанның Ұлы Октябрь революциясы кезіндегі тарихымен бірге регионалдық (аймақтық) тарихын бұрын көпшілікке белгісіз архив құжаттарының негізінде жазып, жаңа деректерді ғылыми айналымға қосудың үлгісін көрсетті. Осы кітаптардағы ғылыми жаңалықтар кейінірек Қазақстан тарихы кітаптарына енгізіліп, оқырман қауымның игілігіне айналды.

Ұзақ жылғы ғылыми ізденістерінің қорытындысы ретінде Ә.С.Тәкеновтің «Узы интернациональной дружбы (интернациональные связи трудящихся Казахстана и зарубежных стран в 1917 - 1937 г.г.)» деген кітабы 1980 жылы Алматыда «Кітап» баспасынан жарық көрді.

Осы еңбектері арқылы Ә.С.Тәкенов елге танылды, жұртшылықтың құрметіне бөленді.

1980 жылы Әбу Тәкенов Қазақстандағы азамат соғысының тарихына байланысты деректі, танымдық сипаттағы мақалалар жариялағаны үшін, республикалық ғылыми-көпшілік «Білім және еңбек» журналының сыйлығының лауреаты атанды.

1984 жылы университеттегі ғылыми-педагогикалық қызметі үшін Әбу Тәкенов «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталды.

Көп жыл бойы тынбастан жүргізген шығармашылық еңбегінің арқасында Ә.С.Тәкенов 1988 жылы «Қазақстан еңбекшілерінің (1917 - 1937 ж.ж.) социализм құрылысы кезеңіндегі интернационалдық байланыстарының қалыптасуы мен дамуы» деген тақырыпқа тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазған диссертациясын сәтті қорғады.

Елімізде қайта құру процесі жүзеге асырылып, Қазақстан тәуелсіздік алған шақта, қазақ халқының тарихын жаңа көзқарас негізінде жазу мүмкіншілігі пайда болды. Осы мүмкіншілікті Әбу Сақтағанұлы елімізде тарих ғылымын дамыту бағытында тиімді пайдалана білді.

Сөйтіп Әбу Сақтағанұлының бастамасымен тарихи оқиғалар мен тұлғаларды жаңа көзқараспен бағалау тұрғысында көптеген келелі іс шаралар жүзеге асырыла бастады.

Ә.Тәкенов Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс тарихының мәселелерін бұрынғы коммунистік партия идеологиясы емес, қазақ халқының ұлттық мүддесі тұрғысынан қайта жазу қажеттігін өзінің проблемалық мақалалары мен телеинтервьюлерінде негіздеді. Ол қазақ халқының 1916 жылғы ұлт - азаттық көтерілісін жаңа көзқарас тұрғысынан пайымдау үшін 1986, 1991 және 1996 жылдары өткізілген халықаралық ғылыми - теориялық конференцияларды ұйымдастырушылардың алдыңғы тобына болды.

Мен Ә.Тәкеновтің ұсынысымен «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт - азаттық көтеріліс тарихының мәселелері» (Батыс Қазақстан материалдары негізінде) деген тақырыпқа профессор Ж.Қасымбаевтың жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғады. Сол сияқты Еркін Ермаханов «Дала облыстарындағы 1916 жылғы ұлт - азаттық көтеріліс тарихының мәселелері» деген кандидаттық диссертация қорғады.

Тәуелсіз Қазақстан тарихын оқытудың ең өзекті проблемасы деректану ісінің әлі де жолға қойылмағандығы болып табылады. Ә.С.Тәкенов осы мәселені шешу бағытында көп еңбек атқарды. Ә.С.Тәкенов өзі оқыған қазақ мемлекеттік университетінің тарих және этнология факультетінде алдымен архив зымыркерлерін дайындайтын қазақ бөлімін, ал 1991 жылы «Деректану және архивтану» кафедрасын аштырып, осы кафедраны өзі басқарды. Осы бөлімді бітірген 50-ден астам студенттер Қазақстанның өртүрлі облыстарында білікті маман ретінде қызмет етуде.

Ә.Тәкеновтің деректану мәселелеріне арналған ғылыми ой - пікірлері Әл - Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде жарық көрген «Ғылым көкжиегі» деген жинаққа енгізілді.

Сол сияқты Ә.Тәкенов дайындаған Қазақстанның қа"зіргі заман тарихы бойынша 20 баспа табақтан тұратын құжаттар мен материалдар жинағы (профессор Қ.Қаражановпен бірге) 1998 жылы «Санат» баспасынан жарық көрді. Сонымен қатар Ә.С.Тәкенов аспиранттарға «Қазақ мемуары - тарихи дерек ретінде», «Қызыл Қазақстан журналы - тарихи дерек ретінде» деген диссертация тақырыптарын беріп, жетекшілік жасаған болатын.

Сөйтіп Ә.С.Тәкенов қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның тарихи деректану ғылымының негізін салған ғылымға айналды.

Еліміз тәуелсіздік алған шақта Ә.С.Тәкенов Кеңес өкіметі қайта басып шығаруға, студенттерге жоғары оқу орындарында оқытуға тиым салған қазақ тарихшыларының еңбектерін оқушы қауымымен қауыштыруға орасан зор еңбек сіңірді. Кітапханалардан алынып тасталып, өртелген М.Шоқай, Е.Бекмаханов, С.Асфендияров, Т.Шоңанов және С.Қожановтың еңбектері

(Жалғасы 15-бетте).

